**Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы 2003 жылғы есепті бекіту туралы" Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 сәуірдегі N 487 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы 2003 жылғы есепті бекіту туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

## Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы 2003 жылғы есепті бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының кейбір мәселелері туралы" 2001 жылғы 29 қаңтардағы N 543 Жарлығына сәйкес қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы 2003 жылғы есеп бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі 2004 жылғы _____ дейін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы 2003 жылғы есеп және сыртқы аудитті жүргізу нәтижелері туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Президенті*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы N Жарлығымен Бекітілген

## Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы 2003 жылғы есеп 2004 жыл

**1-бөлім. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері және оны пайдалану туралы 2003 жылғы есеп**

| Р/с N | | Сомасы (мың теңге) |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| **1.** | **Қордың есепті кезеңнің басындағы қаражаты Барлығы:** | **299110656*** |
| **2.** | **Түсімдер Барлығы:** | **229551299** |
| | Оның ішінде: | |
| | заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы: | 79070536 |
| | қосылған құн салығы | - |
| | үстеме пайдаға салынатын салық | - |
| | бонустар | 326985 |
| | роялтилер | 42791489 |
| | жасалған келісімшарттар бойынша өнімді бөлу жөніндегі Қазақстан Республикасының үлесі | 1426332 |
| | ресми трансферттер | 12496732 |
| | Қорды басқарудан алынатын инвестициялық кірістер | 4043647 |
| | Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де түсімдер мен кірістер | 89373109 |
| | мемлекеттің ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін жеке меншікке сатуынан түсетін қаражат | 22469 |
| **3.** | **Пайдаланылуы Барлығы:** | **428434** |
| | Оның ішінде: | |
| | Қорды басқаруға және жыл сайынғы сыртқы аудитті жүргізуге байланысты шығыстарды жабу | 428434 |
| **4.** | **Қордың есепті кезеңнің аяғындағы қаражаты Барлығы:** | **52823352**** |

* 166152 мың теңге мөлшеріндегі есептелген және мерзімі ұзартылған шығыстардың сомасын ескере отырып

** 315682 мың теңге мөлшеріндегі есептелген және мерзімі ұзартылған шығыстардың сомасын ескере отырып

## 2-бөлім. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару жөніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі туралы 2003 жылғы есеп

1-нысан

## Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің балансы

мың теңге

| | 2003 жыл | 2002 жыл |
|---|---|---|
| **Активтер** | | |
| Ақша және оның баламасы | 26265200 | 2172965* |
| Сауда бағалы қағаздары | 520234429 | 297605937* |
| Деривативтік қаржы құралдары | 217507490 | 164482209 |
| Дебиторлық берешек | 1694617 | 4141696 |
| | 765701736 | 468402807 |
| **Міндеттемелер** | | |
| Деривативтік қаржы құралдары | 223399926 | 168321033 |
| Кредиторлық берешек және есептелген шығыстар | 14384398 | 1137660 |
| | 237784324 | 169458693 |
| **Таза активтер** | **527917412** | **298944114** |
| Таза активтер мыналардан тұрады | | |
| Қазақстан Республикасы Үкіметінің шоты | 527917412 | 298944114 |
| **Таза активтер** | **527917412** | **298944114** |

Ескерту:

* Dreyfs Fund US-дағы 901 700 мың теңге мөлшеріндегі сома "Сауда бағалы қағаздары" бабынан "Ақша және оның баламасы" бабына 2003 жылдың тұсаукесерінде сәйкес болу үшін қайта жіктеу жүргізілді

2-нысан

## Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кірістері мен шығыстары туралы есеп

мың теңге

| | 2003 жыл | 2002 жыл |
|---|---|---|
| **Кірістер** | | |
| Сауда бағалы қағаздардан түсетін таза жұмсалған кіріс | 6255679 | 3472384 |
| Сауда бағалы қағаздарынан түсетін жұмсалмаған кірістің ұлғаюы (азаюы) | 7521783 | (3890023) |
| ЭЫДҰ елдерінің ностро шоттарындағы салымдардан түсетін сыйақы | 78544 | 55412 |
| Шетел валютасында деноминирленген активтер мен міндеттемелерді қайта бағалаудан түсетін жұмсалмаған кіріс (шығын) | 13215471 | (785098) |
| Шетел валюталарынан түсетін жұмсалған кіріс (шығын) | (23027830) | 9221873 |
| **Инвестициялық қызметтен алынған кірістер** | **4043647** | **8074548** |
| **Шығыстар** | | |
| Біріктірілген шығыстар | 476094 | 280382 |
| Кастодиалдық қызмет көрсетуге ақы төлеу жөніндегі шығыстар | 70335 | 59503 |
| Кәсіби қызметтер көрсетуге ақы төлеу шығыстар | 11455 | 12929 |
| Басқа да шығыстар | 20117 | 14771 |
| | **578001** | **367585** |
| **Таза кіріс** | **3465646** | **7706963** |

3-нысан

**Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша қозғалысы туралы есептер**

мың теңге

| | 2003 жыл | 2002 жыл |
|---|---|---|
| **Операциялық қызметтен болатын ақша ағындары** | | |
| Сауда бағалы қағаздарынан түсетін таза кіріс | 3465646 | 7706963 |
| Мыналарға түзетулер: | | |
| Шетел валютасында деноминирленген активтер мен міндеттемелерді қайта бағалаудан түсетін жұмсалмаған (кірістің) шығынның өзгеруі | (13215471) | 785098 |
| Сауда бағалы қағаздары бойынша іске асырылмаған кірістің өзгеруін азайту (ұлғайту) | (7521783) | 3890023 |
| Таза операциялық активтерде өзгергенге дейінгі операциялық (шығын) кіріс | **(17271608)** | **12382084** |
| Операциялық активтердің азаюы (ұлғаюы): | | |
| Сауда бағалы қағаздары | (201891238) | (15096174)* |
| Деривативтік қаржы құралдары | (53025281) | (164482209) |
| Дебиторлық берешек | 2447079 | (4141696) |
| Операциялық міндеттемелердің ұлғаюы: | | |
| Деривативтік қаржы құралдары | 55078893 | 168321033 |
| Кредиторлық берешек және есептелген шығыстар | 13246738 | 1094416 |
| **Операциялық қызметте ақшаны таза пайдалану** | **(201415417)** | **(101922546)*** |
| **Қаржылық қызметтен болатын ақша ағындары** | | |
| Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінен түсетін түсімдер | 225507652 | 101472726 |
| Ақша аударымдары | 0 | 0 |

| | | |
|---|---|---|
| Қаржы жүйесінен алынған таза ақша | 225507652 | 101472726 |
| Ақшаның және ақша баламасының таза ұлғаюы (азаюы) | 24092235 | (449820)* |
| **Кезең басындағы ақша және ақша баламасы** | **2172965** | **2622785** |
| **Кезең соңындағы ақша және ақша баламасы** | **26265200** | **2172965*** |

Ескерту:

* Dreyfs Fund US-дағы 901 700 мың теңге мөлшеріндегі сома "Сауда бағалы қағаздары" бабынан "Ақша және оның баламасы" бабына 2003 жылдың тұсаукесерінде сәйкес болу үшін қайта жіктелді

4-нысан

**Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің таза активтеріндегі өзгерістер туралы есептер**

мың теңге

| | Сомасы |
|---|---|
| **2002 жылғы 1 қаңтардағы сальдо** | **189764425** |
| Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінен түсетін түсімдер | 101472726 |
| Республикалық және жергілікті бюджетке аударымдар | (2001069) |
| Заңдарға сәйкес келтіру үшін 2002 жылғы аударымдар Қорының орнын толтыруға арналған түсімдер | 2001069 |
| Таза кіріс | 7706963 |
| **2003 жылғы 1 қаңтардағы сальдо** | **298944114*** |
| Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінен түсетін түсімдер | 225507652 |
| Республикалық және жергілікті бюджетке аударымдар | - |
| Таза кіріс | 3465646 |
| **2004 жылғы 1 қаңтардағы сальдо** | **527917412**** |

* 166152 мың теңге мөлшеріндегі 2002 жылғы есептелген және мерзімі ұзартылған шығыстардың сомасын ескерусіз

** 315682 мың теңге мөлшеріндегі 2003 жылғы есептелген және мерзімі ұзартылған шығыстардың сомасын ескерусіз

## 3-бөлім. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі 2003 жылғы өзге де деректер

### 1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру көздері

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының (бұдан әрі - Қор) ақшалай қаражаты 2003 жылғы 1 қаңтарға 299110656 мың теңгені құрады.

Қорға түскен түсімдердің негізгі үлесі 2003 жылы сомасы 123615342 мың теңгені құраған шикізат секторы ұйымдарынан (Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбе бойынша заңды тұлғалардан) бюджетке түсетін жоспардан тыс түсімдердің есебінен қалыптасты. Бұдан басқа, 2003 жылы Қордың шотына 89373109 мың теңге (оның ішінде республикалық меншіктегі және экономиканың тау-кен өндіру және өңдеу салаларына жататын мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түскен қаражат - 56748363 мың теңге, сары металды сатудан түскен қаражат - 645946 мың теңге және "Теңізшевройл" ЖШС жобасы жөніндегі орай келісім бойынша - 31978800 мың теңге) мемлекеттің ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін жеке меншікке сатуынан түскен қаражат - 22469 мың теңге және республикалық бюджеттен берілген ресми трансферттер - 12496732 мың теңге сомасында өзге де түсімдер есептелді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қордың шотына шетел валютасында есептелген түсетін теңгені АҚШ долларына айырбастауды кезең-кезеңмен жүргізіп отырды.

2003 жылдың ішінде республикалық меншіктегі және тау-кен өндіру және өңдеу салаларына жататын мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түсетін қаражат есебінен Қорды қалыптастырудың қосымша көздері анықталған "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру енгізілді.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 16 шілдедегі N 699 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жыл сайынғы сыртқы аудитін жүргізу үшін тәуелсіз аудиторды іріктеу ережесіне түзетулер енгізілді, онда 2 жыл мерзімге Қордың тәуелсіз сыртқы аудиторын анықтау үшін конкурс жүргізу көзделеді.

Қорды толықтыру мақсатында сары металды сату және оны сатудан түскен қаражатты Қорға есептеу көзделетін "Мемлекеттің кірістерін пайдаланудың бағыттарын анықтау жөніндегі кейбір мәселелер туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 23 қыркүйектегі N 966 қаулысы бекітілді.

Қосымша көздерді толықтыру және Қазақстан Республикасының Жер кодексін іске асыру мақсатында мемлекеттің ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін

жеке меншікке сатуынан түсетін қаражатты Қорға есептеуді көздейтін "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 29 қаңтардағы N 543 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Қорын қалыптастыру және пайдалану ережесіне толықтыру енгізілді.

Шикізат секторы ұйымдарынан мемлекеттік бюджетке түсетін түсімдер және Қорға 2003 жылғы түсетін аударымдар

(мың теңге)

| Атауы | 2003 жылғы жоспар | Кассалық атқару: Барлығы | оның ішінде: бюджетке есептелгені | оның ішінде: Ұлттық қорға аударылғаны |
|---|---|---|---|---|
| Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбе бойынша шикізат секторы ұйымдары-заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы | 75220987 | 144271045 | 75220987 | 69050058 |
| Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбе бойынша шикізат секторының ұйымдары резидент заңды тұлғалардан алатын, төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы | 1939139 | 2353149 | 1939139 | 414010 |
| Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбе бойынша шикізат секторының ұйымдары | 4912490 | 14518958 | 4912490 | 9606468 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| резидент емес заңды тұлғалардан алатын, төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы | | | | |
| Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбе бойынша шикізат секторының ұйымдарынан өндірілген тауарларға, көрсетілген қызметтерге қосылған құн салығы | 0 | 0 | 0 | 0 |
| Шикізат секторы ұйымдарынан (Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбе бойынша заңды тұлғалардан) алынатын бонустар | 0 | 326985 | 0 | 326985 |
| Шикізат секторы ұйымдарынан (Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбе бойынша заңды тұлғалардан) алынатын роялтилер | 39350736 | 82142225 | 39350736 | 42791489 |
| Жасалған келісімшарттар бойынша шикізат секторы ұйымдарынан (Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбе бойынша заңды тұлғалардан) алынатын өнімдерді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі | 3543964 | 4970296 | 3543964 | 1426332 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Мемлекеттік бюджет бойынша жиыны** | **124967316** | **248582658** | **124967316** | **123615342** |

"2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен шикізат секторы ұйымдарынан алынатын салық және республикалық бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің жылдық көлемі 124967316 мың теңге сомасында бекітілді. 2003 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша шикізат секторы ұйымдарынан іс жүзінде 248582658 мың теңге түсті, оның ішінде қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес республикалық бюджетке 124967316 мың теңге есепке алынды. Нәтижесінде шикізат секторы ұйымдарынан Қорға түсетін жоспардан тыс түсімдердің сомасы 123615342 мың теңгені құрады.

Қордың ақшалай қаражаты 2004 жылғы 1 қаңтарға 528233521 мың теңгені құрады.

Салықтардың түрлері бойынша Қорға түсетін қаражаттың жоспардан тыс түсімдерінің құрылымы тұтастай алғанда 2003 жыл үшін мынадай көрсеткіштермен сипатталады:

| Салық төлемдерінің түрлері | Сомасы (мың теңге) | Жалпы көлемдегі үлес (%) |
|---|---|---|
| Заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы | 69050058 | 55,86 |
| Резидент заңды тұлғалардан алынатын, төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы | 414010 | 0,34 |
| Резидент емес заңды тұлғалардан алынатын, төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы | 9606468 | 7,77 |
| Заңды тұлғалардан алынатын табыс салығының барлығы | 79070536 | 63,97 |
| Қосылған құн салығы | 0 | 0 |
| Бонустар | 326985 | 0,27 |
| Роялтилер | 42791489 | 34,61 |
| Шикізат секторы ұйымдарынан алынатын өнімдерді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі | 1426332 | 1,15 |
| **Барлығы:** | **123615342** | **100,0** |

Шикізат секторы ұйымдарынан Қорға түсетін жоспардан тыс түсімдерде негізгі бөлікті - 55,86%-ын заңды тұлғалардан алынатын, төлем көзінен ұсталатын

корпоративтік табыс салығы, одан кейін үлесі түсімдердің жалпы сомасының 34,61%-ын құрайтын роялтилер және резидент емес заңды тұлғалардан алынатын 9606468 мың теңге сомасындағы немесе түсімдердің жалпы сомасы 7,77% корпоративтік табыс салығы құрайды. Өнімдерді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі түсімдердің жалпы сомасында 1,15%-ды, резидент заңды тұлғалардан алынатын, төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы - 0,34%-ды және бонустар - 0,27%-ды құрады.

## 2. Қордың шығыстары

Қордың есебінен есепті кезеңде жалпы сомасы 428434 мың теңге Қорды басқаруға байланысты мынадай шығыстар жүргізілді:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 18 мамырдағы N 655 қаулысымен мақұлданған Сенімді басқару туралы шартқа сәйкес Қорды басқарғаны үшін сыйақы түрінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне 112880 мың теңге аударылды;

кастодианның қызмет көрсетулері үшін 74063 мың теңге аударылды;

сыртқы басқарушыларға 209745 мың теңге комиссиялық сыйақы аударылды;

заң кеңесшісінің қызмет көрсетулері үшін 1350 мың теңге аударылды;

сыртқы аудиттің қызмет көрсетулері үшін 9834 мың теңге аударылды;

"Barra International, Ltd" компаниясының ақпараттық қызметтері үшін 12670 мың теңге аударылды;

"Morgan Stanley Capital International" компаниясының ақпараттық қызметтері үшін 1435 мың теңге төленді;

"The Yield Book Inc" компаниясы көрсеткен қызметтер үшін 6012 мың теңге аударылды;

"Securities Lending" келісімі бойынша қызметтер үшін 445 мың теңге аударылды.

2003 жылғы төртінші тоқсанда жалпы сомасы 315682 мың теңге мынадай шығыстар есепке алынды және төлеуге ұсынылды:

Қорды сенімді басқарғаны үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне комиссиялық сыйақы - 41462 мың теңге;

кастодианның қызмет көрсетулеріне - 16637 мың теңге;

сыртқы басқарушыларға қызмет көрсетулеріне - 246424 мың теңге;

Қордың 2003 жылғы қызметінің аудиті қызмет көрсетулеріне - 11159 мың теңге.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК